

Торайғыров университеті  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университет

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Педагогикалық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Педагогическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

---

**№ 3 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бегентаев М. М.

*д.э.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Абибуллаева А.,

*д.п.н., профессор*

Бурдина Е. И.,

*д.п.н., профессор*

Жумагаева Е.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Россия)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Белоруссия)*

Мирза Н. В.,

*д.п.н., профессор*

Донцов А. С.,

*доктор PhD*

Шокубаева З. Ж.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EDNK8122>**К. Ж. Аганина, Д. Н. Сағынғалиев**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ПРОЦЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУ  
МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ**

*Бұл мақалада білім беру мекемесі басшыларының құқықтық құзыреттілігін дамытудың өзектілігіне мән берілген. Педагогикалық тәжірибеде білім беру ұйымы басшысының құқықтық құзыреттілігін біліктілікті арттыру курстары арқылы дамытудың жеткілікті деңгейде дамымағандығы басты назарға алынып, мақаланың тақырыбын анықтауға себепші болды. Білім беру мекемесін басқаруда заң нормаларын теориялық тұрғыдан біліп қана қоймай, іс жүзінде қолдана білу аса маңызды болып табылады. Кейінгі жылдары елімізде білім беру саласында бірнеше заңнамалық актілер қабылданып, құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениеттілік деңгейі жоғары басшыларға деген қажеттілік арта түсті. Мектеп директорлары мен олардың орынбасарларын аттестациядан өткізуде де айтарлықтай өзгеріс орын алып, жаңа форматтағы аттестациялау барысында заңнаманы білу бағытына басымдық берілген. Орын алған іргелі өзгерістер мен реформалар білім беру мекемесін басқарудың бүгінгі мәселелеріне жауап бере алатын біліктілікті жетілдіру курстарына деген сұранысты қалыптастырды. Соның ішінде біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру барысында мектеп директорларының, олардың орынбасарларының құқықтық құзыреттілігін дамытуға баса көңіл бөлінбейтіндігі бұл тақырыптың өзектілігін аңғартады.*

*Кілтті сөздер: құқықтық құзыреттілік, білім беру мекемесінің басшысы, біліктілікті арттыру курстары.*

**Кіріспе**

Жедел өзгерістерге толы жаһандық даму жағдайында қоғамдық өмірдің әр түрлі саласында өзгерістердің орын алып жатқандығы белгілі. Білім беру

саласында да басшылық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға жаңаша талаптар қойылып, олардың жауапкершілігі арта түсуде.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында барлық деңгейде білім беру саласын жаңғыртуға, білім беру ұйымдарының басшылары үшін менеджмент бойынша сертификатталған біліктілікті арттыру курстарының ұйымдастырылатындығы қамтылған. Мектеп директорлары мен олардың орынбасарларының «Басқару құзыреті» бағыты бойынша ұлттық біліктілік тестілеуін тапсыратынын ескерсек, сертификатталған курстардың өткізілуі білім беру саласындағы басқарушы кадрларға азаматтық қызметші ретінде ғана емес, мемлекеттік қызметші дәрежесінде реформалар жасау керектігін меңзейді. Аталған бағдарламада білім берудің барлық деңгейлерінде өз саласындағы көшбасшылар резерві қалыптастырылатындығы айқындалған [1]. Бұл білім саласындағы басшыларды іріктеуде нақты жүйе мен тәртіптің, ұжымды басқаруға қажетті мамандарды даярлаудың өзіндік жүйесі болатындығын айғақтайды.

**Зерттеудің нысаны:** орта білім беру ұйымдарындағы мектеп директорлары мен орынбасарларының құқықтық құзыреттілігін дамыту процесі.

**Зерттеу пәні:** білім беру мекемелері басшыларының құқықтық құзыреттілігін дамыту.

**Мақсаты:** біліктілікті арттыру процесінде білім саласы басшыларының құқықтық құзыреттілігін дамытуды теориялық негіздеу және оның тиімділігін тәжірибеден өткізу.

**Міндеттері:**

- білім беру мекемесі басшыларының құқықтық құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздерін айқындау;
- мектеп директорлары мен олардың орынбасарларын аттестациядан өткізудің жаңаша тәртібіне шолу жасау;
- біліктілікті арттыру процесіндегі білім беру мекемесі басшыларының құқықтық құзыреттілігі мен қоғам талабы арасындағы қалыптасқан мәселелерге баса назар аудару.

**Зерттеу әдістері мен нәтижесі**

Зерттеу мәселесіне қатысты педагогикалық-психологиялық, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен танысу жүргізілді. «Білім берудегі менеджмент» бағдарламасын меңгерген магистранттарды біліктілікті арттыру процесіне жұмылдыруға байланысты нақты ұсыныстар белгіленді.

Еліміз егемендігін жариялаған сәттен бастап түрлі бағыттағы әлеуметтік, экономикалық, саяси реформалардың жүзеге асқандығы белгілі. Сондай түбегейлі өзгеріс білім беру саласында да орын алды. Кез келген реформаның нәтижелі әрі қарқынды жүзеге асуы білікті басшының ықпалымен жүзеге асады десек, білім беру саласындағы басшыларға қойылатын талап та күшейді.

Бүгінгі таңда жедел әрі тиімді шешімді қабылдай алатын, кәсіби басшылық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға деген сұраныс та арта түсті. Десе де, білім беру мекемесінде басшылық қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың құқықтық құзыреттілігін дамытудың тиімді механизмінің болмауы күні бүгінге дейін өзекті мәселенің бірі саналады. Біріншіден, еліміздегі педагогикалық жоғары оқу орындары тарапынан «білім беру мекемесінің басшысы» деген біліктілік дәрежесі берілмейді. Сәйкесінше, білім беру мекемесінің басшысы қатардағы педагогтер арасынан іріктеліп, оның құқықтық құзыреттілігі тағы да ескерусіз қалады. Екіншіден, білім берудегі менеджерлерді дайындаудың да басталғандығына көп бола қоймады. Яғни, білім саласында кәсіби дайындығы жетілген басшыларға сұраныс артқан сайын, бұл талапты қанағаттандыратын, оқу процесі кезінде туындаған құқықтық мәселелерге лайықты жауап беретін, қолданыстағы заңнаманы немесе оған енгізілген өзгерістерді өздігінен сұрыптай алатын басшылардың аздығы бұл мәселені жаңаша қарастыруды талап етуде.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында 2011 жылдан бастап «Білім берудегі менеджмент» бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіліп келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарында қолдану үшін және де болашақ білім саласы менеджерлерін дайындауда оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу үшін «Білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасының негізгі ережелері дайындалды [2].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылдың 24 шілдесіндегі № 350 бұйрығына сәйкес, 2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, «6M010300 – Педагогика және психология» магистратура мамандығы аясында «Білім берудегі менеджмент» тәжірибелік білім беру бағдарламасы жүзеге асуда. Элективті пәндер каталогының құрамына енген бұл бағдарламаға «Білім беру ұйымдарын басқарудың нормативтік-құқықтық негіздері» атты пән енгізілген. Бұл пән білім беру ұйымдарында басқарушылық қызметті атқаратын болашақ менеджерлерге еліміздегі білім беру ұйымдарының қызметін нормативтік-құқықтық жағынан реттейтін қағидаларды анықтауға, нормативті құжаттарды білуге септігін тигізеді. Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің бұл тәжірибесін білім беру мекемесі басшыларының біліктілігін арттыру курстарында қолдана білуіміз керек.

Біліктілікті арттыру процесінде басшылардың құқықтық құзыреттілігін арттыру үшін ғылыми ортаның әлеуетін пайдалана білу жоғарғы оқу орны мен мектептің үйлесімді жұмыс жасап, мектепте қалыптасқан мәселелерді шешудегі өзара ықпалдастықты арттыра түседі.

«Білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасын меңгерген магистранттар білім беру ұйымдарында, білім басқармаларында өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыра алады. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – халықаралық талаптарға сай білім беруді басқаруға жоғары білікті, кәсіби құзыреттілікке ие мамандарды дайындау [3].

«Білім берудегі менеджмент» бағдарламасы білім саласын басқаратын болашақ менеджерлердің ұйымдастырушылық-басқарушылық және педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыруға қажетті кәсіби, соның ішінде құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Аталған білім беру бағдарламасын меңгерген магистранттардың тәжірибесін орта білім беру ұйымдарында насихаттап, оларды біліктілікті арттыру курстарына жұмылдыруымыз керек.

Еліміздегі нормативтік-құқықтық базаның жетілуіне байланысты білім саласын басқарушыларға жаңаша біліктілік талаптар қойылып, олардың атқаратын қызметтері ұлғайды. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін ұлттық біліктілік тестілеудің жалпы талаптары мен мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығында белгіленген [4]. Аталған бұйрықтың 11-тармағының 6-тармақшасына сәйкес, білім беру мекемесінің басшылары «Заңнаманы білу» бағыты бойынша – 80 сұрақ, «Басқару құзыреті» бағыты бойынша – 20 сұрақтан тұратын тестілеу тапсырады. «Заңнаманы білу» бағыты төмендегідей нормативтік-құқықтық актілерді қамтиды:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – 20 сұрақ;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі – 20 сұрақ;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 20 сұрақ;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 10 сұрақ;

– «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 10 сұрақ.

Жұмыс барысында жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтың актілердің қай-қайсысы болмасын басшының іс-қағаздармен, өтініштермен жұмыс жасауы үшін үлкен қажеттілікке ие. Білім беру ұйымдарының басшыларын, соның ішінде мектеп директорлары мен орынбасарларын аттестациядан өткізудің жаңаша тәртібінен байқағанымыз, тестілеу жүйесіндегі сұрақтардың 80 %-ы заңнаманы білуді талап етеді. Яғни, заңнама бойынша көрсеткен нәтиже білім беру ұйымдарының басшылары үшін жалақысына қосымша үстемақы алуға мүмкіндік береді. Заңнаманы жетік меңгеріп, қызмет барысында жиі қолданылатын нормативтік-құқықтық актілерді толық игерген білім беру ұйымдарының басшыларына тиісті біліктілік санаты беріледі.

Тәжірибеден байқағанымыз мектеп директорларының, олардың орынбасарларының құқықтық құзыреттілігін дамыту, ұлттық біліктілік тестілеуге дайындалу өздігінен ізденіске не біліктілікті арттыру курстарына сүйеніп жүзеге асырылуда. Бұл ретте біліктілік курсы дегеніміз – маманданған қызмет саласы бойынша даярлауды, қайта даярлауды немесе біліктілікті арттыруға бағытталған оқу нысаны [5].

Біліктілікті арттыру процесінде басшылық қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың сұранысы мен қоғам талабына баса наза аударылмай келеді. «Әкімшілік-топтық экономикада сапа өндіруші тарапынан белгіленеді. Нарықтық экономикада сапа тұтынушы тарапынан қарастырылады» [6]. Білім беру нарығында сапалық көрсеткіштерді арттырамыз десек, тұтынушының талғамы мен қажеттілігіне сай әрекет етуіміз керек. Яғни, білім саласындағы басшылардың құқықтық құзыреттілігін дамытудың негізгі әдістерінің бірі біліктілікті арттыру курстары десек, аталған курстарды ұйымдастыру барысында педагогикалық тәжірибеде жиі ұшырасатын қажеттіліктерге, соның ішінде аттестациядан өтетін мектеп директорлары мен олардың орынбасарларына заңнаманы білу бойынша әдістемелік көмектен бастап, заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қатысты ақпарат дер кезінде беріліп отыруы тиіс. Өйткені, ағымдағы біліктілікті арттыру процесі – нормативтік-құқықтық актілердің жалпы тізбесі мен құрылымын таныстырумен ғана шектеліп тұр. Әсіресе, қызмет барысында туындайтын практикалық мәселелерді шешуде басшылардың құқықтық құзыреттілік деңгейінің тым төмендігі байқалады. Басқарушы кадрлардың біліктілігін арттыру курстары, семинарлар, қысқа мерзімді курстар заң саласында тәжірибесі толысқан, соның ішінде білім саласындағы мәселелермен айналысатын заңгерлердің дәрісіне, кеңестеріне негізделуі тиіс. Бұл

бағыттағы кейінгі уақыттағы жетістігіміз – мектеп директорларының кадрлық резервін қалыптастыруға бағытталған арнайы бағдарламаның қабылдануы. 2020 жылдың 12 қазанынан бастап орта білім беру ұйымдары басшы кадрларының резервін даярлау мақсатында «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы «Білім берудегі менеджмент: мектепті басқару қызметі» атты бағдарламаны іске қосты [7]. Бұл бағдарламаның мазмұнынан байқағанымыз, курстың бір бөлігінде еңбек және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қарастырылады. Яғни, бұл бағытта әлі де жетілдіретін тұстарымыз жеткілікті. Өйткені, құқықтық құзыреттілікті арттыру жекелеген заң нормаларын білумен шектелмей, тұтас кешенді бағдарлама болуы шарт.

Мектеп директорларымен сұхбат барысында аңғарғанымыз, бұған дейінгі біліктілікті арттыру курстарында құқықтық құзыреттілік мәселесіне тіптен назар аударылмаған. Түптеп келгенде қордаланған мәселелерді шешудің жолдары емес, теориялық білімге басымдық берілетіндігі басшылардың құқықтық құзыреттілігін арттыруға кері әсер етуде. Құқықтық құзыреттілік тұрғысынан білім саласындағы басшылардың қоғамның қажеттіліктеріне лайықты деңгейде жауап бере алмауы мен біліктілікті арттыру курстарында құқықтық сауаттылыққа жете мән берілмеуі бұл мәселедегі педагогикалық тәжірибе мен теорияның толық пісіп-жетілмегендігін байқатады.

Аталған тақырыпты қарастыра отырып, білім беру мекемесі басшыларының құқықтық құзыреттілігін біліктілікті арттыру курстары арқылы дамытуда төмендегі мәселелер арасындағы қайшылықты байқадық:

– құқықтық құзыреттілігі жетілген білім беру мекемесі басшыларына деген қоғам талабының жоғары болуы мен дәстүрлі біліктілікті арттыру курстарында құқықтық құзыреттілікті дамытуға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбеуі;

– мемлекеттің білім беру мекемесі басшыларының құқықтық құзыреттілігіне деген талаптары мен біліктілікті арттыру курстары жағдайында құқықтық құзыреттілікті дамытуға педагогикалық тәжірибенің жетілмегендегі;

– мектеп директорларын, олардың орынбасарларын аттестациядан өткізу барысында сұрақтардың 80 %-ы заңнаманы білуге бағытталуы мен біліктілікті арттыру курстарында нормативтік-құқықтық актілермен жүйелі жұмыстануға басымдықтың болмауы;

– білім беру мекемесінде басшылық қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың құқықтық құзыреттілікті дамытуға сұранысы мен заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың дер кезінде біліктілікті арттыру курстарында қамтылмауы.



Білім беру мекемесін жоғары дәрежеде басқару үшін басшыларға аса қажетті кәсіби құзыреттіліктердің, жеке тұлғалық қасиеттердің қатарын анықтау маңызды ғылыми-педагогикалық міндет. Менеджменттің идеяларын ғылыми негізсіз білім беруге енгізу, ұжымды әкімшілік-топтық әдіспен басқару арқылы көрініс табатын төмен деңгейдегі басқарушылық құзыреттілік түптеп келгенде мекемелердегі инновациялық үрдістерді тежеп отырады [8]. Ұжымды басқаруда жеке тұлғалық қасиеттерімен, кәсіби құзыреттілігімен дараланбаған басшының өзге әріптестерге жоғары талап қоя алмасы анық.

Біліктілікті арттыру қатаң консервативті жүйе болуы мүмкін емес. Керісінше, біліктілікті арттыру жүйесі жаһандық білім беру жүйесінде орын алып жатқан барлық өзгерістерге шұғыл жауап беруге, икемді болуға әрі тындаушылардың қажеттілігін ескеруге бағытталуы тиісті [9]. Соның ішінде, білім беру мекемесі басшысының құқықтық құзыреттілігін біліктілікті арттыру процесінде дамытуды алдыңғы қатарға қоя білуіміз аса маңызды. Ақпараттық технологияның дамыған кезеңінде әлеуметтік желілерде білім беру мекемесіне қатысты білдірілген пікірге не көтерілген мәселеге шұғыл әрі құқықтық тұрғыдан сауатты үн қату басшының тікелей құқықтық құзыреттілігіне байланысты.

### **Қорытынды**

Білім беру саласындағы құқықтық қатынастардың даму қарқынына әрі бүгінгі мәселелерге төтеп бере алатын деңгейдегі құқықтық құзыреттілікті арттыруға тек білім беру мекемесінің басшысы ғана емес, білім бөлімдері мен педагогтер де мұқтаж. Бұл бағыттағы мәселені шешудің негізгі жолы ретінде біліктілікті арттыру процесін қарастыра отырып, оны сапалы әрі жүйелі ұйымдастыру білу, мектеп жағдайында туындаған мәселелерді шешудің жолдары мен әдістерін көрсете білу білім беру мекемесі басшысының іскерлігі мен білімділігін танытып қоймай, ұжымның құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін қалыптастырары сөзсіз.

Білім беру мекемесін басқару ұзақ уақыт арнайы кәсіби дайындықты талап ететін қызмет аясы ретінде қарастырылмады. Кеңестік кезеңде Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, С. Т. Шацкий, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский және т.б. ғалымдар орта білімді, мектепті басқарудың теориялық негізін қалаған еді. Білім беру ұйымын басқару мәселесі зерттеген Ю. В. Васильев өз еңбектерінде педагогикадағы басқару еңбегі, білім беру ұйымы басшысының рөлі, мектепті басқарудың теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік мәселелерін қарастырған [10]. Бұл бағыттағы еңбектермен таныса отырып байқағанымыз, мектеп басшысына, оның біліктілігіне, кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар жаңаша ізденістерді қажет етуде.

Мектеп жағдайында жекелеген кәсіби құзыреттіліктерге ғана иелік ететін орынбасарлардың қатарынан директорлардың тағайындалуы бірте-бірте қоғамның да назарын аударып, басшыға деген талаптың деңгейін күшейтті. Біліктілікті арттыру курстарын өткізу арқылы басқарушы мамандардың құзыреттілігін дамыту, менеджмент бойынша арнайы мамандарды дайындау ісінің қолға алынуы бұл бағыттағы жұмыстың үздіксіз жүзеге асуын міндеттейді. Біліктілікті арттыру процесі сертификат алумен, теориялық біліммен шектелмеуі керек. Біліктілікті арттыру – іс жүзінде іскерлік дағдыларды арттырып, басқарушылардың қажеттілігіне орай жаңғырып отыруға тиісті, ғылыми ортаның әлеуетін талап ететін жүйе.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы – Астана [Электронды ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

2 **Нарибаев, К. Н., Аганина, К. Ж., Нурлихина, Г. Б., Жунусбекова, А., Книсарина, М. М.** «Менеджмент в сфере образования Республики Казахстан»: Уч. пособие. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2014. – С. 220.

3 **Рахымбердиева, А. В.** Научно-методическое обеспечение подготовки менеджеров системы образования. // Вестник Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева, Серия Педагогика. Психология. Социология. № 3(128). – 2019. – С. 76–83.

4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы – Астана [Электронды ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317#z0>

5 **Онушкин, В. Н., Огарев, Е. И.** Образование взрослых: междисциплинарный словарь терминологии. – Санкт-Петербург – Воронеж, 1995. – С. 232.

6 Управление качеством: Учебник. / Под. ред. Ильенковой С. Д. – М.: ЮНИТИ, 1998. – С. 198.

7 «Білім берудегі менеджмент: мектепті басқару қызметі» Орта білім беру ұйымдары басшы кадрларының резервін даярлау бағдарламасы [Электронды ресурс]. – <https://cpm.kz/kz/news/668419/>

8 **Германова, Г. М., Иванов, Д. Е.** Формирование правовой компетентности руководителя образовательного учреждения в процессе повышения квалификации // Вестник ЧГПУ им. И. Я. Яковлева. – 2012. – (№1) 73. – Ч. 1 – С. 37.

9 **Красинская, Л. Ф.** Повышение квалификации преподавателей: моделирование на основе компетентностного подхода // Высшее образование России. – 2011. – № 7. – С. 79.

10 **Жусупова, А. К.** Менеджмент в сфере высшего образования. - Алматы, 2004. – С. 54–55.

## References

1 Qazaqstan Respýblıkasynda bilim berý men ғылымды damytýdyń 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Qazaqstan Respýblıkasy Úkimetiniń 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаўлысы [State program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020–2025. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019. – No. 988] – Astana [Electronic resource]. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

2 **Naribaev, K. N., Aganina, K. Zh., Nurlixina, G. B., Zhunusbekova, A., Knisarina, M. M.** «Menedzhment v sfere obrazovaniya Respubliki Kazaxstan» [«Management in the field of education of the Republic of Kazakhstan». : Textdook]. – Almaty : KazNPU named after Abaya, 2014. – P. 220.

3 **Rahimberdieva, V. A.** Nauchno-metodicheskoe obespechenie podgotovki menedzherov sistemy` obrazovaniya [In Scientific-methodical support of preparation of managers of education]. Bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University. Series Pedagogy. Psychology. Sociology. – № 3 (128). – 2019. – P. 76–83.

4 Qazaqstan Respýblıkasy Bilim jáne ғылым ministriniń 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 «Mektepke deingi tárбие men oqytýdy, bastayysh, negizgi orta jáne jalpy orta bilimniń jalpy bilim беретін оқы бағдарламаларын, техникalyq jáne kásiptik, orta bilimnen keingi, qosymsha bilimniń bilim berý бағдарламаларын jáne arнай оқы бағдарламаларын iske asyratyn bilim berý uymdarynda jumys isteitin pedagogterdi jáne bilim jáne ғылым salasyndaғы басқа da azamattyq qyzmetshilerdi atestattaydan ótkizý qaғıdalary men sharttarын bekity týraly»

buiryǵy [Order of the minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated January 27, 2016 No. 83 «On approval of the rules and conditions for certification of teachers and other civil servants in the field of education and science working in educational organizations that implement pre-school education and training, general educational programs of primary, basic secondary and general secondary education, educational programs of technical and professional, post-secondary, additional education and special educational programs»] – Astana [Electronic resource]. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317#z0>

5 **Onushkin, V. N., Ogarev, E. I.** *Образование взрослых: междисциплинарный словарь терминологии* [Onushkin V. N., Ogarev E. I. *Adult education: an interdisciplinary dictionary of terminology*]. – Saint Petersburg-Voronezh, 1995. – P. 232.

6 *Управление качеством* [Quality management. Textbook]. – Ed. Ilenkova S. D. – М.: UNITY, 1998. – P. 198.

7 «Bilim berýdegi menjment: mektepti basqarý qyzmeti» Orta bilim berý uymdary basshy kadrlarynyń rezervin dararlaý baǵdarlamasy [Program for training the reserve of senior personnel of secondary education organizations «Management in education: school management service»] [Electronic resource]. – <https://cpm.kz/kz/news/668419/>

8 **Germanova, G. M., Ivanov, D. E.** *Formirovanie pravovoj kompetentnosti rukovoditelya obrazovatel'nogo uchrezhdeniya v processe povýsheniya kvalivikacii* [Formation of legal competence of the head of an educational institution in the process of professional development]. In *Bulletin of CHSPU named after I. Ya. Yakovlev*. – 2012. – (№1) 73. – Part 1. – P. 37.

9 **Krasinskaya, L. F.** *Povýshenie kvalifikacii prepodovatelej: modelirovanie na osnove kompetentnostnogo podxoda* [Professional Development of teachers: modeling based on the competence approach]. In *Higher education in Russia*, 2011. – № 7. – P. 79.

10 **Zhusupova, A. K.** *Menedzhment v sfere vy'sshego obrazovaniya* [Management in higher education]. – Almaty, 2004. – P. 54–55.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

*К. Ж. Агашина, Д. Н. Сағынғалиев*

**Развитие правовой компетентности руководителя образовательного учреждения в процессе повышения квалификации**

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 30.09.20.

*K. Zh. Aganina, D. N. Sagyngaliyev*

## **The development of the legal competence of the head of an educational institution in enhancing skill**

Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.  
Material received on 30.09.20.

*В данной статье акцентировано внимание на актуальности развития правовой компетентности руководителей образовательных учреждений. В педагогической практике недостаточно уделяется внимание уровню развития правовой компетентности руководителя организации образования через курсы повышения квалификации, что способствовало определению тематики статьи. В управлении образовательным учреждением крайне важно не только теоретически знать нормы права, но и, следовательно, нужно применять их на практике. В последующие годы в стране было принято несколько законодательных актов в сфере образования, а также возросла потребность к руководителям с высокой правовой грамотностью. Значительное изменение произошло и в проведении аттестации директоров школ и их заместителей. Приоритет в аттестации в новом формате отдан знанию законодательства. Произошедшие изменения и реформы сформировали спрос на курсы повышения квалификации, которые могли бы ответить на сегодняшние вопросы управления образовательным учреждением. В частности, актуальность данной темы свидетельствует о том, что при организации курсов повышения квалификации не уделяется должного внимания развитию правовой компетентности директоров школ, их заместителей.*

*Ключевые слова: правовая компетентность, руководитель образовательного учреждения, курсы повышения квалификации.*

*This article focuses on the relevance of the development of legal competence of heads of educational institutions. In pedagogical practice, insufficient attention is paid to the level of development of the legal competence of the head of an educational organization through advanced training courses, which contributed to the definition of the topic of the article. In the management of an educational institution, it is extremely important not only to know the rules of law theoretically, but also, therefore, to apply them in practice. In the following years, the country adopted*

*several legislative acts in the field of education, and the need for managers with high legal literacy increased. There has also been a significant change in the certification of school principals and their deputies. Priority in certification in the new format is given to knowledge of legislation. The changes and reforms that have taken place have created a demand for advanced training courses that could answer today's questions about the management of an educational institution. In particular, the relevance of this topic indicates that the organization of advanced training courses does not pay due attention to the development of legal competence of school principals and their deputies.*

*Keywords: legal competence, head of an educational institution, advanced training courses.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz